

Рысмагамбетова Нургуль Аргинбаевнаның
«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия
докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ және
ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақ дискурсы»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық кеңесшінің
ПІКІРІ

Дискурс теориясы заманауи коммуникативті лингвистикада өзекті, белсенді даму үстіндегі бағыт болып табылады. Дискурс мәселесіне баса назар аударылуының себебі адресант (сөйлеуші) және адресат (тыңдаушы) дискурста қатысушылар ретінде коммуникация үдерісіндегі негізгі бағыт болып табылатындығымен және антропоцентристік бағыты тұрғысынан қарастырылатындығымен түсіндіріледі.

Әзіл-оспақ әмбебап құбылыс, мәдени ерекше. Адамның мәдени болмысы әзіл-оспақты анықтауда ең маңызды фактор. Әзіл-оспақ адам өмірінде маңызды орын алады, себебі, әзіл-оспақ біздің өміріміздің барлық саласында қоғамдық және жеке дискурста, ғаламтор коммуникациясында бар. Әзіл-оспақ адамзаттың сөйлесуінің ажырамас аспектісі ол тек көңіл көтеру көзі ғана емес сонымен қатар әлеуметтік сын мен мәдени көрініс құралы болып табылады.

Әзіл-оспақты қабылдау, оны қолдану әртүрлі мәдениетте бар. Әр түрлі мәдениеттер әзіл-оспақтың бірдей түрлерін әр түрлі түсіндіреді, бұл әзіл-оспақтың белгілі бір мәдени мәнмәтінде қалай қолданылатынына әсер етеді.

Әзіл-оспақ дискурсы заманауи қазақ тіл білімінде қарқынды даму үстіндегі дискурстың түрлеріне жатады.

Диссертант Н.А. Рысмагамбетованың ұсынып отырған зерттеу жұмысы әзіл-оспақ дискурсын зерттеуде алғаш рет қазақ тіліндегі қалжың мен ағылшын тіліндегі қалжыңды (wit) салғастырмалы зерттеп отыр.

Бірінші тарауда заманауи тіл біліміндегі дискурс және әзіл-оспақ ұғымдарының теориялық-әдістемелік негіздері кешенді түрде қарастырылған. Зерттеу барысында дискурс ұғымының лингвистика, прагмалингвистика, когнитивтік лингвистика, социолінгвистика және лингвомәдениеттану сияқты салаларда әрқилы түсіндірілетіні анықталды. Ғалымдардың көзқарастарын жүйелей келе, дискурс мәтінмен ғана шектелмейтін, оны өндіру мен қабылдау үдерісін, сөйлеуші мен қабылдаушының мақсат-ниеттерін, әлеуметтік-мәдени, прагматикалық және когнитивтік факторларды қамтитын күрделі коммуникативтік құбылыс екені айқындалды.

Екінші тарауда қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақ дискурсын салыстыра зерттеп, оның ұлттық-мәдени ерекшеліктерін, когнитивтік тетіктері мен дискурсивтік стратегияларын анықтады.

Қазақ лингвомәдениетінде қалжың, ең алдымен, туыстық және әлеуметтік қарым-қатынастармен тығыз байланысты екені анықталды. Нағашы-жиен, жезде-балдыз, жеңге-қайын, құда-құдағи, құрдастар арасындағы қалжыңдар ұлттық дүниетанымға, әдеп нормаларына және әлеуметтік иерархияға негізделген. Қазақ қалжындарының басты ерекшелігі – үлкенге құрмет сақтай отырып, астарлы ирония, гипербола, өзін-өзі әжуалау, контраст пен метафора арқылы күлкі әсерін тудыруы. Бұл қалжыңдар көбіне тәрбиелік, реттеуші және қарым-қатынасты нығайтушы қызмет атқарады.

Ағылшын лингвомәдениетінде қалжың интеллектуалдық сипатымен, тапқырлыққа (wit) негізделуімен және қоғамдық-саяси, мәдени тақырыптарды қамтуымен ерекшеленеді. Ағылшын қалжындарында сөзойнатим, фонетикалық интерференция, омонимия, парадокс, абсурд және күтпеген логикалық шешімдер кеңінен қолданылатындығы айқындалған. Сонымен қатар, ағылшын әзіл-оспағында сыпайылық, өзін-өзі бақылау және әлеуметтік қашықтықты сақтау айқын көрініс табады.

Зерттеудің экспериментальді зерттеу бөлімінде қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі тіл иегерлерінің қалжындарды қабылдауы мен түсінуіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу мақсатына жетіп нәтижесі жан-жақты талданған.

Зерттеу жұмысы диссертацияға қойылатын құрылымдық-композициялық талап деңгейіне сай. Жұмыстың бөлімдері тараушаларға жіктеліп түсіндірілген. Олардың әрқайсысы бір-бірімен ішкі тұтастықты дәйектеп, идеялық тоғысуды сақтай жалғасқан.

Зерттеудің негізгі ғылыми-теориялық нәтижелері бойынша отандық және шет елдердің жоғары импакт факторлы журналдарында және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында бірнеше мақалалар жарияланған.

Қорыта айтқанда, Рысмагамбетова Нургуль Аргинбаевнаның «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақ дискурсы» тақырыбындағы зерттеу жұмысы диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, диссертациялық жұмыс толық аяқталған. Сондықтан, Н.А. Рысмагамбетованың ғылыми жұмысын «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайық деп санаймын.

**Отандық ғылыми кеңесші,
филология ғылымдарының докторы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университетінің профессоры**

Ж.О. Тектігүл

